



«Бекітемін»

ШҚО білім басқармасының
басшысы


И. Чернышёва
2023 жыл

**ШҚО техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
жүйесіндегі оқу орындары қызметтерінің
2024 жылға арналған рейтингісі туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі (бұдан әрі - ТЖКОБ) оқу орындарының арасында рейтинг өткізудің мақсатын, міндеттерін, бағыттары мен тәртібін айқындайды.

1.2. Рейтинг ШҚО колледждері қызметтерінің тиімділігін бағалау құралы болып табылады.

1.3. Рейтинг ақпарат жинауды, оны талдауды және қызмет нәтижелері бойынша колледждерді саралауды қамтиды.

1.4. Рейтингі ұйымдастырушылар - ШҚО білім басқармасы, ШҚО кәсіптік білім беру орталығы.

1.5. Облыс колледждері қызметтерінің тиімділігін бағалау күнтізбелік жылдағы жұмыс нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

II. Мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты** - ШҚО ТЖКОБ мекемелері қызметтерінің тиімділігін бағалау, білім беру қызметтерінің дамуын ынталандыру және сапасын арттыру.

2.2. Міндеттері:

- колледж қызметі туралы объективті және шынайы ақпарат алу;
- білім беру қызметтерін көрсету сапасын арттыру үшін ШҚО техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту туралы тұтас түсінікті қалыптастыру үшін деректер базасын құру;
- ТЖКОБ жүйесіндегі оқу орындарының даму динамикасын бақылау;
- білім беру қызметтерін ұсынуда колледждер арасында кәсіби бәсекелестік құру;
- ТЖКОБ жүйесінің оқу орындарын дамытуға ынталандыру;
- үздік нәтижелерге қол жеткізетін колледждерді анықтау;
- кәсіптік бағдар беру жұмысының сапасын арттыру;
- колледждердің инженерлік-педагогикалық қызметкерлер жұмысының табысты тәжірибесін тарату.

III. Бағалау критерийлері

3.1. Рейтинг бағыттары:

- білім беру үдерісінің мазмұны және ұйымдастырылуы;
- білім беру үдерісінің сапасы;
- білім беру үдерісін жүзеге асыру шарттары.

3.2. Рейтинг индикаторлары мен көрсеткіштері:

- **білім беру ұйымы қызметінің заңнама талаптарына сәйкестігі** (жұмыс берушілердің өтініші бойынша кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде талапкерлерді қабылдау);
- **ТЖКОБ жүйесі оқу орындары педагогикалық үрдістерінің сапасы** (білім берудің дуальдық жүйесі бойынша білім алушылардың қамтылуы (талапкерлерді қабылдаудың жалпы санынан); сайттың, әлеуметтік желілерде парақшалардың, YouTube арнасының болуы, контенттерді жаңарту кезеңділігі, белсенділік; колледждің Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі, ШҚО білім басқармасы және ҚР жастар саясаты шеңберінде өткізілетін жобаларға

қатысуы; қолданыстағы тағылымдамалық, инновациялық алаңдардың болуы; «Talar» КеАҚ тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламаларының саны);

- **білім беру үдерісін кадрлармен қамтамасыз ету** (кадрлармен жасақталуы; педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейі – «Педагог-шебер», «Педагог-зерттеуші», «Педагог сарапшы», ғылыми дәрежесі бар инженерлік-педагогикалық қызметкерлерінің үлесі);

- **колледждердің инженерлік-педагогикалық қызметкерлерінің кәсіби-тұлғалық өсуі** (Біліктілігін арттыру курстарынан және тағылымдамадан өткен педагог қызметкерлердің үлесі; педагогтердің облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі конкурстарға қатысуы және нәтижелілігі. Білім беру саласындағы көпшілік іс-шараларда (форумдарда, конгрестерде, семинарларда), бұқаралық ақпарат құралдарында (журналдар, ғылыми мақалалар жинақтары, әдістемелік материалдар жинақтары және т. б.) озық тәжірибені тарату.

- колледж білім алушыларының жетістіктері (облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың қатысушылары, жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің саны);

- **ТжКОБ ұйымын бітіргеннен кейін бірінші жылы оқуын жалғастырған және/немесе жұмысқа орналасқан бітірушілердің саны; студенттердің білім сапасы, оның ішінде студенттерді оқуын аяқтағанға дейін жеткізу деңгейі;**

- **тәрбие жұмысы** (қатысу, нәтижелілік, құқық бұзушылықтың болмауы);

- колледждерде уақтылы орындаушылық тәртібінің деңгейі (есептілікті және бақылау хаттарын тапсырудың белгіленген мерзімдерін сақтау, оның ішінде **ҰБДҚ, ұсынылатын деректердің сапасы**);

- **білім алуға қолжетімділікті және оқу үдерісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, инфрақұрылымды дамыту** (кедергісіз орта, жылы дәретханалардың болуы, бейнебақылау камераларымен, кіру және шығуды бақылау жүйелерімен жарақтандыру, турникеттер, дабыл түймелері, лицензияландырылған күзет).

IV. Қатысушылар

4.1. Рейтингке ШҚО техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін барлық оқу орындары қатысады.

V. Ұйымдастыру және өткізу шарттары

5.1. Рейтинг ШҚО білім басқармасының бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

5.2. ШҚО білім басқармасының бұйрығына сәйкес ШҚО білім басқармасы, ШҚО кәсіптік білім беру өкілдері, ШҚО колледждерінің директорлар кеңесі қатарынан комиссия құрылады.

5.3. Рейтинг әрбір индикатордың критерийлер сомасы бойынша 1 – қосымшаға сәйкес айқындалады. Бағалау жүйесі -10 балдық.

5.4. Рейтингтің жеңімпаздары болып ең жоғары балл жинаған колледждер болып саналады (1, 2, 3 орындар). Комиссияның қалауы бойынша номинациялар берілуі мүмкін.

5.5. Қызмет тиімділігін рейтингтік бағалаудың белгіленген нәтижелері мекеме басшысы үшін ынталандыру төлемдерін, басшылардың өздерін қоса алғанда инженерлік-педагогикалық қызметкерлерін көтермелеуді айқындау бөлігінде негіз болады.

5.6. Рейтинг қорытындысы есепті жылдың **20 желтоқсанына дейін** шығарылады. Рейтинг нәтижелері туралы ақпарат ШҚО білім басқармасы, ШҚО кәсіптік білім беру орталығының әлеуметтік желілері мен сайттарында орналастырылады.

Рейтингтің индикаторлары мен көрсеткіштері

№ р/н	Индикаторлар	Көрсеткіштер	Балдар	
1	Білім беру ұйымы қызметінің заңнама талаптарына сәйкестігі	Кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде талапкерлерді қабылдау	0-10	Берілген өтінімнен мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылдауды орындау % 91-100% -10 б 81-90% -9 б 71-80% - 8 б 61-70% - 7 б 51-60% - 6 б 41-50% - 5 б 31-40% - 4 б 21-30% - 3 б 10-20% - 2 б 9% дан төмен- 1 б
		Жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша кадрлар даярлауға талапкерлерді қабылдау	0-10	Жалпы қабылдаудан нысаналы тапсырыс бойынша студенттерді қамту 91-100% -10 б 81-90% -9 б 71-80% - 8 б 61-70% - 7 б 51-60% - 6 б 41-50% - 5 б 31-40% - 4 б 21-30% - 3 б 10-20% - 2 б 9% дан төмен- 1 б
2	ТжКБ жүйесі оқу орындарындағы педагогикалық үдерістің сапасын қамтамасыз ету	Дуальды оқыту жүйесі бойынша студенттерді қамту (талапкерлерді қабылдаудың жалпы санынан)	0-5	Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттердің жалпы контингентінен мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттерді дуальды оқытумен қамту 50 % және одан жоғары -5 б 40 - 49% - 4 б 30 - 39% - 3 б 20 - 29% - 2 б 10 - 19% - 1 б 10% -дан төмен - 0 б
		Сайттың болуы, мазмұнын жаңарту жиілігі, белсенділігі	0-5	күнделікті белсенділігі - 5 ұпай апта сайынғы белсенділігі - 4 ұпай ай сайынғы белсенділігі - 3 ұпай белсенді емес - 2 ұпай болуы - 1 ұпай болмауы - 0 ұпай
		Әлеуметтік желілерде тіркелуі, мазмұнын жаңарту жиілігі, белсенділігі	0-5	күнделікті белсенділігі - 5 ұпай апта сайынғы белсенділігі - 4 ұпай ай сайынғы белсенділігі - 3 ұпай белсенді емес - 2 ұпай болуы - 1 ұпай болмауы - 0 ұпай
		YouTube арнасының болуы, мазмұнын	0-5	күнделікті белсенділігі - 5 ұпай кпта сайынғы белсенділігі - 4 ұпай кй сайынғы белсенділігі - 3 ұпай

		жанарту жиілігі, белсенділігі		белсенді емес - 2 ұпай болуы - 1 ұпай болмауы - 0 ұпай
		Колледждің пилоттық жобаларға қатысуы	0-5	ҚР Оқу-ағарту министрлігі – 5 б ШҚО білім басқармасы - 4 б Қазақстан Республикасының жастар саясаты аясында – 3 б басқа жобалар - 2 б
		Қолданыстағы тағылымдама және инновациялық платформалардың болуы	0-5	болуы - 5 б болмауы - 0 б
		Оң сараптама алған және «Талар» КеАҚ тізілімінде орналастырылған ТЖКОБ мамандықтары бойынша әзірленген білім беру бағдарламаларының саны	0-10	20 бағдарлама және жоғары - 10 б 15 - 19 бағдарлама - 9 б 10 - 14 бағдарлама - 7 б 5 - 9 бағдарлама - 5 б 1 - 4 бағдарлама - 3 б жоқ – 0 б
3	Білім беру үдерісін кадрлық қамтамасыз ету	Кадрлармен жасақтау	0-5	81% және жоғары - 5 б 71-80% - 4 б 61-70% - 3 б 51-60 % - 2 б 41-50% - 1 б
		Педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейі- «педагог-шебер» /жоғары, «зерттеуші»/жоғары, «педагог-сарапшы» / бірінші	0-10	51% және жоғары - 10 б 41-50% - 9 б 31-40% - 8 б 21-30% - 7 б 30%-дан төмен – 0 б
		Ғылыми және академиялық дәрежесі бар ИПҚ үлесі	0-5	PhD – 5 б ғылымдар докторы – 4 б ғылымдар кандидаты -3 б магистр – 2 б
4	Колледждердің инженерлік- педагогикалық қызметкерлерінің кәсіби-тұлғалық өсуі	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына сәйкес ағымдағы жылы біліктілікті арттыру курстарынан және тағылымдамадан өткен педагог қызметкерлердің саны	0-10	100% - 10 б 81-90% - 9 б 71-80% - 8 б 61-70% - 7 б 51-60% - 6 б 41-50% - 5 б 31-40% - 4 б 21-30% - 3 б 11-20% - 2 б 5-10% - 1 б 5%- дан төмен - 0 б
		Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі	0-10	Бас жүлде – 10 б 1 орын – 8 б 2 орын – 6 б 3 орын – 4 б

		конкурстардың, олимпиадалардың, ғылыми-практикалық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары		қатысты – 2 б қатыспады – 0 б
		Білім беру саласындағы іс-шараларда (форумдарда, конгрестерде, семинарларда), бұқаралық ақпарат құралдарында (журналдар, ғылыми мақалалар жинақтары, әдістемелік материалдар жинақтары және т. б.) озық тәжірибені тарату	0-10	Озық тәжірибені тарату деректері 15 және одан артық - 10 б 14-10 - 9 б 9-7 - 8 б 6-4 -7 б 3-2- 6 б 1 - 5 б болмауы – 0 б
5	Колледж студенттерінің жетістіктері	Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың қатысушылары, жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің саны	0-10	Бас жүлде – 10 б 1 орын – 8 б 2 орын – 6 б 3 орын – 4 б медальон – 3 б қатысты – 2 б қатыспады – 0 б
		Оқуды жалғастырған және/немесе мекемені бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің саны	0-7	91%-дан жоғары - 7 б 81-90 % - 6 б 71-80 % -5 б 61-70%-4 б 51-60% -3 б 41-50 %-2 б 31-40 % -1 б 30 % - дан төмен - 0 б
		Студенттердің білім сапасы	0-5	81-100 % -5 б 61-80% -4 б 41-60%-3 б 21-40%-2 б 11-20%-1 б 10 % –дан төмен - 0 б
		Студенттерді бітіруге дейін жеткізу деңгейі	0-7	81-100 % -7 б 61-80%-6 б 41-60%-5 б 31-40%-4 б 21-30% -3 б 11-20%-2 б 10 % –дан төмен - 0 б
6	Кәсіби бағдар беру жұмыстары	ШҚО білім басқармасы, ШҚО кәсіптік білім беру орталығы ұйымдастырған	0-10	қатысты – 10 б ішінара қатысты – 5 б жоқ – 0 б

		облыстық іс-шараларға қатысуы		
7	Тәрбие жұмыстары	Қатысуы, нәтижелілігі	0-10	
8	Орындаушылықтың тәртіп деңгейі	Бақылау хаттары мен есеп берудің белгіленген мерзімдерін сақтау, берілген мәліметтердің сапасы	0-5	орындалуы – 5 б орындалмауы – 0 б
		ҰБДҚ толтырудың белгіленген мерзімдерін сақтау, ұсынылатын деректердің сапасы	0-5	мерзімдерін сақтау – 5 б уактылы толтырмау – 0 б
9	Білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету, инфрақұрылымды дамыту	Кедергісіз орта құру	0-5	бар - 5 б ішінара бар- 3 б жоқ – 0 б
		Жылы дәретханалардың болуы	0-3	бар - 3 б жоқ – 0 б
		Бейнебақылау камераларымен жабдықталған Турникеттер	0-5	бар - 5 б ішінара бар- 3 б жоқ – 0 б
		Дабыл түймелері	0-3	бар - 3 б жоқ – 0 б
		Лицензияланған күзет	0-3	бар - 3 б жоқ – 0 б